

"Бөлшек саудада сатылатын бензин (авиациялықтан басқа) және дизель отынына белгіленген акциздер ставкаларын қолдану тәртібі туралы" Нұсқауды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2000 жылғы 6 сәуірдегі N 308 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 10 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1153. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 5 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.01.09 N 5 бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

2
3

4. Осы бұйрық 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Министр **Б.Жәмішев**

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы М и н и с т р д і ñ

2 0 0 9 ж ы л ғ ы 9 қаңтардағы

№ 5 бұйрығына қосымша

Күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1

3. "Бөлшек саудада сатылатын бензин (авиациялықтан басқа) және дизель отынына белгіленген акциздер ставкаларын қолдану тәртібі туралы" Нұсқауды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2000 жылғы 6 сәуірдегі № 308 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1153 болып тіркелді).

.....

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы N 492-1 Z990492_ Қазақстан Республикасының Заңын және " Қазақстан Республикасында шығарылатын және Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасы аумағында сатылатын

акцизделетін тауарларға акциздер ставкасы және ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 P000137_ қаулысын орындау мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бөлшек саудада сатылатын бензин (авиациялықтан басқа) және дизель отынына белгіленген акциздер ставкаларын қолдану тәртібі туралы" Нұсқауды б е к і т с і н .

2. Әдістеме департаменті (Н.Д. Үсенова):

аталған Нұсқауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен келіссін; келісілген Нұсқауды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберілсін. 3. Ішкі жұмыс департаменті (Д.М. Аманжолов) осы бұйрықты төмен тұрған салық органдарына жеткізіп, салық төлеушілердің назарына алынсын. 4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Қ.А. Нұрпейісовке жүктелсін. 5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді. Министр Бөлшек саудада сатылатын бензин (авиациялықтан басқа) және дизель отынына белгіленген акциздер ставкаларын қолдану тәртібі туралы Н ұ с қ а у

1. Осы Нұсқау "Қазақстан Республикасында шығарылатын және Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасы аумағында сатылатын акцизделетін тауарларға акциздер ставкасы және ойын бизнесі туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысы негізінде әзірленді және бөлшек саудада бензин және дизель отынын сататын салық төлеушілерге қолданылады. Аталған қаулыда бөлшек саудада сатылатын бензин (авиациялықтан басқа) және дизель отынына акциздер ставкасы бір метрикалық тонна үшін былай белгіленген: бензинге - 500 теңге; дизель отынына - 60 теңге. 2. Бөлшек саудадағы бензин және дизель отынын сату литрлерде жүргізіледі. Литрді тоннаға айналдыру өлшеу жүргізілетін температураға қарай тығыздылық көрсеткішті пайдаланып жүргізіледі. Бензиннің барлық түрлері үшін тығыздықтың орташа көрсеткіші 0,730 кг/литр, ал дизель отыны үшін 0,769 кг/литр құрайды; осыларды ескергенде: 1000 кг бензиннің 1 тоннасы = _____ = 1370 литр; 0,730 кг/л 1000 кг дизель отынының 1 тоннасы = _____ = 1300 литр; 0,769 кг/л

Акциз сомасын есептеу және бөлшек саудада сатылатын бензин және дизель отынын сату бағасына оны енгізу үшін бір метрикалық тонна және литрдегі мұнай өнімдерінің көлемі үшін белгіленген акциз ставкаларының қатынасы ретінде айқындалатын 1 литрге акциздің есептік ставкасын қолдану керек.

Акциздердің есептік ставкалары мынаны құрайды:

бензин бойынша: 500 теңге: 1370 л = 0,37 теңге/литр;
дизель отыны бойынша: 60 теңге: 1300 = 0,05 теңге/литр.

Акциздердің айқындалған есептік ставкалары бөлшек саудада сатылатын бензин және дизель отынының 1 литрін сату бағасын енгізеді. 3. "Айналым, оның ішінде өз өндірісі шикізаты бойынша..." I-тарауының "Акциздерді есептеу" бағанындағы акциз бойынша декларацияда бөлшек саудада сатылған бензин және дизель отынының көлемі тонналарда көрсетіледі. Бұл үшін бөлшек саудада сатылған бензин және дизель отынының көлемі сондай-ақ мынадай формула бойынша тығыздықтың орташа көрсеткішін пайдалана отырып тонналардан литрлерге көшіріледі: V литр $\times 0,730$ кг/литр бензин бойынша: M тонна = _____; $1000 V$ литр $\times 0,769$ кг/литр дизель отыны бойынша: M тонна = _____, 1000 онда M тонна - сатылған бензин және дизель отынының тоннадағы көлемі; V литр - сатылған бензин және дизель отынының литрдегі көлемі. "Акциз ставкасы" бағанында "Қазақстан Республикасында шығарылатын және Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасы аумағында сатылатын акцизделетін тауарларға акциздер ставкасы және ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысымен белгіленген бензин және дизель отынына акциздердің ставкасы көрсетіледі. Оқығандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.